

ӘОЖ 327 (52+73)

Р.О. Садықова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: raihan_rose@rambler.ru

Қазіргі Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастарының қалыптасуы мен дамуы

Аңдатпа. Мақалада Жапония мен Қазақстанның ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бергі экономикалық, саяси және мәдени салалардағы байланыстарының дамуы қарастырылады. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары біздің елдің басшылығы, ең алдымен, Жапония сияқты халықаралық экономикалық жүйеде берік ұстанымдарға ие мемлекеттердің қолдауына мұқтаж болды. Осы тұрғыдан, Қазақстанның сыртқы саясатында жарияланған көпвекторлық бағытта Жапониямен қарым-қатынастар маңызды орынға ие болды. Қазақстан Республикасы ХХ ғасырдың 90-жылдарынан қазіргі күнге дейін Жапониямен байланыстардың тұрақты құқықтық негізін қалап, сауда-экономикалық, саяси және мәдени салада ынтымақтастықты орнатты. Көптеген халықаралық мәселелерде де екі мемлекеттің басшылығы ортақ ұстанымдарға келумен ерекшеленіп келеді. Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастары аймақтық деңгейдегі «Орталық Азия мен Жапония» сияқты бастамалардың шеңберінде дамуда.

Түйін сөздер: көпвекторлық сыртқы саясат, дамуға бағытталған ресми көмек, «еуразиялық дипломатия», «Орталық Азия + Жапония» ынтымақтастығы, сауда-экономикалық байланыстар.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы посткеңестік кеңістіктегі ғана емес, тұтастай алғандағы әлемдік саясаттағы белсенді акторлардың біріне айналды. Қазақстан халқы жиырма жыл уақыт аралығында көптеген ішкі және сыртқы саяси саладағы маңызды реформалардың қатысушысы болды. Әсіресе елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басқаруымен жүзеге асырылған көпвекторлық сыртқы саясат еліміздің әр алуан аймақтардағы мемлекеттермен екіжақты және ұйымдар шеңберіндегі тығыз қарым-қатынастарды дамытуда маңызды рөл атқарды.

Қазақстан Республикасының көпвекторлық сыртқы саясатында ең алдымен, экономикалық күш орталықтары болып табылатын жетекші мемлекеттермен байланыстарды дамыту еліміздің экономикалық қуатының артуына ықпал етті. Осындай, аса маңызды байланыстардың бірі – Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастары.

Қазіргі уақытта Қазақстан мен Жапония ынтымақтастығы саяси-экономикалық, мәдени,

ғылыми және қауіпсіздік саласы сияқты сан саланы қамтуда. Көптеген халықаралық мәселелерде екі мемлекеттің басшылығы бір-біріне көмегін тигізіп келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіндегі тұрақты мүшелікке Жапонияның үміткерлігін қолдауын білдірді. Мұндай тараптардың арасындағы байланыстар маңызды келісімшарттар мен стратегиялық сипаттағы құжаттарға негізделді.

Екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық негізі, ең алдымен, жапон басшылығының елімізді дипломатиялық тұрғыдан мойындауынан басталды. 1991 жылдың 28 желтоқсанында Жапония Қазақстанның тәуелсіздігін мойындады. 1992 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан мен Жапония арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. 1993 жылы Алматыда Жапонияның елшілігі ашылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 1994 жылы 6-7 сәуірдегі және 1999 жылы 5-8 желтоқсандағы Жапонияға жасаған сапарлары екіжақты қатынастардың негізін қалады. Елбасының Жапонияға жасаған

бірінші сапары барысында Кеңес Одағы мен Жапония арасындағы келісімдерді мойындау туралы ноталармен алмасып, Бірлескен мәлімдеме қабылданса, екінші сапар барысында Достастық, серіктестік және ынтымақтастық туралы Бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Құжатта тараптар өзара тиімділік пен теңдік қағидаларына негізделі отырып достық қарым-қатынастарды дамытуға дайындығын мәлімдеді [1].

Жапония мен Қазақстанның қарым-қатынастарының іс жүзінде жүзеге асуына келер болсақ, екі мемлекеттің арасындағы байланыстар, ең алдымен, экономикалық қажеттілікке негізделген. Жапонияны осы аумақта табиғи ресурстардың болуы қызықтырады. Екі ел арасындағы сауда айналымы 2007 жылы 1,7 млрд. долларды құрап, 2006 жылмен салыстырғанда (1,1 млрд. долл.) 54,5% пайызға өскен [2].

Жапон компаниялары Қазақстанның мұнай игеру саласындағы ірі халықаралық жобаларына қатысуда және сирек кездесетін металдар іздеу саласында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде. Қазақстанда жапон компанияларының қатысуымен жаңа технологиялар негізінде энергия үнемдеу жобалары да іске асырылуда.

Қазақстан мен Жапония арасында экономикалық қарым-қатынас жедел қарқынмен дамуда. Жапон компаниялары Қазақстанның әртүрлі салаларына, әсіресе энергетика саласына инвестиция тартуда. Уран өндіру және уран өнімдерін шығару саласында Қазақстан мен Жапония арасында бірлескен кәсіпорындар құрылып, елімізге жаңа технологиялар әкелінуде. Атап өтер болсақ, «Қазатомпром» компаниясы байланыс орнатқан «Иточу», «Сумитомо» сияқты жапон компаниялары Қазақстанмен байланыстары қарқынды дамып отыр. Екіжақты байланыстар тек минералдық ресурстарды ғана емес, сондай-ақ жол құрылыс материалдарының тасымалы, мұнай мен газ өндірісіне қажетті химикаттардың тасымалы, NEXI сияқты сақтандыру ұйымының қатысуымен қаржыландыру сияқты жаңа іс-шаралармен толығуда. Жапон компаниялары Қазақстанның мұнай игеру саласындағы ірі халықаралық жобаларына қатысуда және сирек кездесетін металдар іздеу саласында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде. Стратегиялық әріптестік қарым-қатынастарына негізделген Жапония мен Қазақстанның экономикалық байланыстары

нығайып отыр. Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастарында Астана құрылысы саласындағы өзара көмек те аса маңызды.

Жапонияның сыртқы саяси саласындағы негізгі құжат болып есептелінетін «Көк кітапқа» сүйенер болсақ, 2003 жылы екіжақты сауда айналымында Жапонияға жіберілген Қазақстан экспорты 17,9 миллиард иенді, ал келетін импорт көлемі 11,5 миллиард иенді құраған. Тікелей инвестиция көрсеткіші 2002 жылдың наурызында 157 миллион иен, Даму бойынша ресми көмек бойынша салым – 88,8 миллиард иен, грант 5,1 миллиард иен, техникалық ынтымақтастық – 5,9 миллиард иен болған [3].

Екі ел арасындағы сауда айналымы 2007 жылы 1,7 млрд. долларды құрап, 2006 жылмен салыстырғанда (1,1 млрд. долл.) 54,5% пайызға өскен. Қазақстандық статистикалық мәліметтерге сәйкес, сауда айналымы 2011 жылы 1,68 млрд. долларды (экспорт – 1,04 млрд., импорт – 554,7 млн.) құрады. 2012 ж. қаңтар-наурыз аралығында сауда айналымы – 460,4 млн. долларды (экспорт – 285,9 млн., импорт – 174,5 млн.) болды.

Қазақстандық экспортты негізінен металдар, соның ішінде сирек кездесетін металдар мен ферросплавтар, импортты машинажасау өнімдері, өндірістік және медициналық құрал жабдықтар, көлік құралдары құрайды.

ҚР Ұлттық банкінің мәліметтеріне сәйкес, 2011 жылға Жапонияның Қазақстанға құйған жалпы жиынтық инвестициялары 4 млрд. доллардан асты. 2011 жылғы Қазақстан экономикасына шетелдік тікелей жапон инвестициялары 747,3 млн. долларға жетті.

Екіжақты қарым-қатынастар деңгейінде Жапонияның жыл сайын бөліп отырған дамуға бағытталған ресми көмегінің рөлі артып отыр. Бұл ресми көмек Халықаралық ынтымақтастық бойынша Жапон агенттігі аумағында жүзеге асуда. Жапонияның Қазақстанға көрсеткен бүгінге дейінгі ОДА көлемі 102,1 млрд. иенді (шамамен 1 млрд. долл.) құрап отыр.

Қазақстан мен Жапонияның экономикалық саладағы байланыстарының қарқынды дамуының айқын дәлелі екі мемлекеттің басшылығының осы мәселеге соңғы жылдары да көңіл бөлуінде көрініс табуда. 2012 жылдың 1-2 мамырындағы Жапонияның экономика, сауда және индустрия министрі Ю. Эданоның

Қазақстанға іссапары барысында бірнеше экономикалық ынтымақтастықты дамытатын құжаттарға: ҚР-ның индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Жапонияның экономика, сауда және өнеркәсіп министрлігі арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту туралы Меморандум, ҚР-ның индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Жапонияның жаңа энергетикалық пен өнеркәсіптік технологияларды өңдеу бойынша Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға, сонымен қатар, «Қазатомпром» мен Жапонияның жетекші компаниялары арасында бірқатар құжаттарға қол қойылды. Қазіргі уақытта екі мемлекет арасында либерализациялау, инвестицияларды қолдау және өзара қорғау туралы келісімге келу туралы келіссөздер жүргізілуде.

Қазақстан мен Жапонияның арасындағы ынтымақтастығы саяси саланы қамтуда. Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси диалог 1992 ж. мамырында Жапониядан М. Ватанабэнің Қазақстанға іссапары кезінде бастау алды.

Ресми деңгейдегі екі мемлекеттің қалыптасуына ықпал еткен оқиғалар 1997 жылғы Рютаро Хасимотоның «еуразиялық дипломатия» концепциясы мен 1999 жылы 6 желтоқсанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жапонияға іссапары барысында қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы достық, әріптестік және ынтымақтастық туралы біріккен мәлімдеме». Осы мәлімдеменің нәтижесінде екі мемлекеттің қарым-қатынастары стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Екі мемлекет те халықаралық аренада бейбітшілікті қолдау саясатын жүргізіп отыр және негізінен олардың ғаламдық және аймақтық мәселелер бойынша ұстанымдары ұқсас болып отыр. Мәселен, Жапония Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту шешімін құптады. Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы келісім шартқа қосылуына барынша ықпал етті. Қазіргі таңда Қазақстан Жапониямен көптеген мәселелерде келісіп отыр. Бұған дәлел, Қазақстан басшылығының БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіндегі тұрақты мүшелерінің қатарында Жапонияның болуын қолдауы [4].

Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастарының дамуына ықпал еткен басты оқиғалардың бірі бұл 1997 жылы бұрынғы премьер-министр Рютаро Хасимотоның ұсынған

«еуразиялық дипломатия» концепциясын ұсынуы еді. «Еуразиялық дипломатия» – бұл Жапонияның Орталық Азия, Ресей, Қытай мен Кавказ маңы мемлекеттеріне қатысты сыртқы саяси стратегиясы. Тұжырымдаманың бастамашысы – парламентаралық лиганың төрағасы, жапон парламентінің өкілдер палатасының депутаты М. Судзуки. Алайда ресми деңгейде осы тұжырымдама 1997 жылы шілдеде премьер-министр Р. Хасимотоның «Кэйдзай Дююкай» атты экономикалық серіктестердің жапондық қоғамының өкілдерінің алдында сөйлеген сөзінде жария болды. Осы концепция бойынша Еуразия аумағына кіретін Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастарды дамытудың негізгі бағыттары анықталды:

- өзара сенім мен түсіністікті нығайту мақсатындағы саяси диалог;
- экономикалық ынтымақтастық және табиғи ресурстарды игеру саласындағы ынтымақтастық;
- ядролық қаруды таратпау, демократияландыру және тұрақтандыру нәтижесінде аймақтағы бейбітшілікке қол жеткізу [5].

Жапон басшылығының «еуразиялық дипломатия» аталған тұжырымдамасының жариялануына байланысты Жапония мен Қазақстанның арасында қарым-қатынастар жаңа сипатқа ие болып, әр алуан саладағы ынтымақтастық деңгейіне көтерілді. Мұндай ынтымақтастық саяси байланыстарды да қамтып отыр. Бұған дәлел, 2004 жылдың тамыз айында ұсынылған «Орталық Азия + Жапония» ынтымақтастығы.

2004 жылдың тамыз айындағы Жапонияның Сыртқы істер министрі Й. Кавагучидің Қазақстанға жасаған сапары барысында екі ел арасында жаңа келісімдерге қол жеткізілді. Сапар барысында Орталық Азия мемлекеттері арасындағы интеграцияға ықпал ету және аймақтағы мемлекеттермен екіжақты қатынастарды дамыту мақсатында жапон тарапының бастауымен ұйымдастырылған «Орталық Азия+Жапония» диалогы бойынша Сыртқы істер министрлерінің бірінші кездесуі болып өтті.

«Орталық Азия мен Жапония» диалогының құрылу мақсаты – лаңкестік, есірткі тасымалы, су және энергия ресурстары сияқты ортақ мәселелерді шешудегі ішкіаймақтық ынтымақтастықты орнату. Халықаралық

ынтымақтастық бойынша Жапон агенттігі осы аталған диалогта белсенді рөлге ие болатын еді. Сондай-ақ Жапония «Орталық Азия мен Жапония» бастамашылығы арқылы тек қана Орталық Азия емес, сонымен бірге Еуразия аумағында да маңызды геосаяси рөлге ие болуға ұмтылып отырғандығы туралы да пікірлер бар.

1999 жылы 6 желтоқсанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жапонияға іссапары барысында қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы достық, әріптестік және ынтымақтастық туралы біріккен мәлімдеменің» нәтижесінде екі мемлекеттің қарым-қатынастары стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Екі мемлекет те халықаралық аренада бейбітшілікті қолдау саясатын жүргізіп отыр. Негізінен олардың ғаламдық пен аймақтық проблемалар бойынша ұстанымдары ұқсас болып отыр. Мәселен, Жапония Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту шешімін құптады және Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы келісімшартқа қосылуына барынша ықпал етті. Қазақстан да қазіргі таңда Жапониямен көптеген мәселелерде келісіп отыр. Бұған дәлел, Қазақстан басшылығының БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты мүшелерінің қатарында Жапонияның болуын қолдауы. Қазақстан мен Жапонияның халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша ұстанымдары ортақ және жақын. Жапония Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқанын және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылғанын қолдады. Жапон басшылығы ресми Астананың халықаралық және аймақтық ұйымдарға кіруге бағытталған интеграциялық ынтасын оң бағалайды. Сондай-ақ Жапония Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) сияқты өзара келісім мен бейбітшілікті сақтауға бағытталған Қазақстанның бастамаларын жоғары бағалайды.

Қазақстан мен Жапонияның арасындағы ынтымақтастығының келесі бағыты – мәдени-гуманитарлық сала. Жапон Үкіметі Қазақстанға Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) арқылы 500 мың доллар көлемінде қайтарылымсыз мәдени гранттар берді. Алматы мен Астана қалаларында «Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту

орталықтары» (Жапон орталықтары) жұмыс істейді. Бұл орталықтарда жапон тілін үйрету курстары мен жапон мәдениетін таныстыру шаралары ұйымдастырылып тұрады. Әсіресе орталықтың жыл сайын өткізетін «Қазақстандағы Жапония мәдениетінің күндері» қазақ халқының жапон мәдениеті және асханасының өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік туғызады.

Жапония Семей аймағы бойынша БҰҰ резолюциясының тең авторы болып, 1999 жылы Семей ядролық полигоны туралы халықаралық конференцияның Токиода өтуіне ықпал етті. Қазақстан мен Жапония 1998 жылдың наурызынан бастап Қазақстан аумағындағы ядролық сынақ апаттарын бірлесіп зерттеуде. 2000 ж. көктемінде жапон үкіметі аймаққа медициналық құрылғыларды 6 млн. долларлық көлемде тасымалдау туралы шешім қабылдады. Жапония тарапынан Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтардың салдарларын жою бойынша мәселеде шешім қабылдауда белсенді диалог орнатылды. 1998 жылдың наурызында Семей Медициналық Академиясы мен Нагасакидегі университет арасында ғылыми ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды [6].

Қазақстанда жыл сайын бұрынғы Семей ядролық сынақ айлағындағы аумақты зерттеу мақсатында Нагасаки және Хиросима эксперттері келеді. 1999 ж. 29 тамызында Нагасаки-Семей-Токио телекөпірі өткізілді. Оның барысында Жапония үкіметімен Семей медициналық академиясына спутниктік байланыс арқылы Нагасаки университетінің зертханаларында қазақстандық пациенттердің диагностикасын жасауға мүмкіндік беретін құрылғыны сыйлады.

2000 жылдың 3-16 қазанында Токио, Кокура, Фукуока, Курэ, Хиросима және Хацукаичи қалаларында құрамына Президенттік оркестрінің солисті Н. Өнер, Алматы облыстық филармониясының директоры А. Қоразбаев пен «Сазген» фольклорлық ансамбльдің көркемдік жетекшісі Б.Төлегенова кірген қазақстандық делегация арнайы концерттерді ұйымдастырды. 2000 ж. Токиодағы халықаралық кинофестивальде режиссер С. Апрымовтың «Ағайындылар» көркем фильмі азиялық бағдарлама бойынша грантты жеңіп алды.

Қазақстан мен Жапония арасында білім са-

ласында өзара алмасу орнығып, көптеген жастар Жапонияда білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Қорытындылайтын болсақ, қазіргі таңда Қазақстан мен Жапонияның қарым-қатынастары қарқынды сипатта дамуда. Сондықтан да Қазақстанның географиялық алшақтығы мен экономикалық инфрақұрылымдарының сәйкес келмеуіне қарамастан, екі мемлекеттің қарым-қатынастары сан саланы қамтып, өз жалғасын таппақ. Екі мемлекет бір-бірімен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Қазақстан мен Жапония басшылығы Еуразия құрлығында бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында өзара қарым-қатынастарды күшейтуге ұмтылып отыр. Қазақстанның минералдық қорлары жапон елін қатты қызықтырады. Осы тұрғыдан, екі мемлекеттің арасындағы байланыстар арта бермек деген қорытындыға келуге болады.

Әдебиеттер

1 Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы, 1997. – 312 с.

2 Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы қатынастар // www.mofa.kz

3 Diplomatic Bluebook of Japan // www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/2004/index.html
Japan-Kazakhstan Relations // www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan

4 Астанбаев Б. Японцы возвращаются на Великий Шелковый Путь // <http://asiatimes.narod.ru/story2002/003/1091.htm>

5 Евразийская дипломатия // http://asiapacific.narod.ru/countries/japan/1_politics.htm

6 Казахстанско-японские отношения // www.zonakz.net/articles/3123

Р.О. Садыкова

Формирование и развитие отношений между Казахстаном и Японией

Данная статья посвящена отношениям Японии и Казахстана на современном этапе. В статье рассматривается развитие отношений Японии и Казахстана с начала 90-х годов XX века. В статье автор уделяет внимание основным концептуальным документам, как «выступление Р. Хасимото» и договора, подписанные между Японией и Казахстаном. Также приводятся необходимые данные по развитию двусторонних отношений в торгово-экономической, политической и культурной сферах.

Ключевые слова: многовекторная внешняя политика, официальная помощь для развития, «евразийская дипломатия», «Содружество Средняя Азия+Япония», торгово-экономические отношения.

R.O. Sadykova

The formation and development of the relations between Kazakhstan and Japan

This article is devoted to the mutual relations between Japan and Kazakhstan. The relations of Kazakhstan and Japan from the beginning of 90's years were considered on this article. The author paid attention to the conceptual basis as “speech of R. Hashimoto” and agreements signed between Japan and Kazakhstan. Also there were considered the main information on development of trade-economic, political and cultural relations between Kazakhstan and Japan.

Keywords: multi-vector foreign policy, official development assistance, «Eurasian diplomacy», «Commonwealth of Central Asia + Japan» trade and economic relations.